

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Білім беру ұйымы МКҚК «Алтын бесік» бөбекжайы

Топ: Ортаңғы «Қарлығаш» топ

Балалардың жасы: 3жастағы

Жоспардың құрылу кезеңі : 12.12-15.12 .2023 жыл.

Күнтәртібі	Дүйсенбі 12.12.2022	Сейсенбі 13.12.2022	Сәрсенбі 14.12.2022	Бейсенбі 15.12.2022	Жұма 16.12.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>«Көлік» Мақсаты: Балаларға көлік туралы түсінік беру. Олардың қызметінің маңыздылығы туралы ұғымдарын кеңейту. Көлікті жапсыруға үйрету. Жапсыру Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті</p>	<p>«Айырмашылығын тап» Мақсаты: Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге. Қазақ тілі</p>	<p>«Дөңгелек және сопақша» Мақсаты: Геометриялық пішіндерді ажырата білуге, оларға ұқсас заттарды топтай білуге, түстерін айта білуге үйрету. Суреттегі заттарды санауға, оларды сызып қосуға үйрету. Логикалық ойларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ойшылдыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. Математика негіздері Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет</p>	<p>«Аңдар қысқа қалай дайындалады?» Мақсаты: Жануарлардың қысқа қалай дайындалатынын әңгімелеу. Қоршаған ортамен танысу Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті</p>	
Таңертенгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені №2				
Таңғы ас	Қасықты дұрыс ұстай білуге үйрету. Тамақтануға деген қызығушылықты қалыптастыру. Тамақты тауысып жеуге үйрету. Ас ішер алдында Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа нәрсені Байқамаймыз көрмейміз. Аумин (сөйлеуді дамыту)				

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.</p>				
<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Дене шынықтыру Маманның жоспары бойынша</p> <p>Д/ойын: «Не қалай дауыстайды?» Мақсаты: Жануарлар туралы түсінік беру. Олардың қалай дыбысталатыны туралы біледі. (Танымдық дағдыларын дамыту) «Киіз үй бөліктерін ата» Мақсаты: Баланың жүрегіне ұлттық сана - сезімді ұялату, танымдық қабілетін және ұлттық өнер жайлы білімін кеңейту (Әлеуметтік дағдыларын дамыту) «Бұл не?» Ойынның мақсаты: Жемістер мен көкөністер туралы мағлұмат беру. Олардың</p>	<p>Дене шынықтыру Маманның жоспары бойынша</p> <p>Д/ойын: «Ғажайып қоржын». Мақсаты: Балалар оқу құралдары мен ойыншықтарды ажыратып, бөлек аттарын атай білуі. (Коммуникативтік дағдыларын дамыту) «Біздің көңіл күйіміз» Мақсаты: Балаларды сурет бойынша бет әлпеті ым мен мимикаға байланысты көңіл күйді ажырата білуге үйрету. Көңіл-күйді бейнелейтін сөздерді дұрысайтқызу. Оны өздері сала білу. Көрнекілік: әр түрлі мимикадағы балалардың суреттері (Әлеуметтік дағдыларын дамыту) «Үлкен-кіші» Мақсаты: Үлкен- кіші ұғымдарды білуге үйрету, әрі қарай дамыту, ойлау,</p>	<p>Музыка Маманның жоспары бойынша</p> <p>Қоршаған ортамен танысу Д/ойын: «Қандай мамандық иесі?» Мақсаты: Мамандық иесі және оның атқаратын қызметтері туралы түсінік беру. (Әлеуметтік дағдыларын дамыту) «Нан дастарханға қалай келеді?» Мақсаты: Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөніндегі балалардың білімдерін толықтырып жүйелеу. Диқаншылардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Сөздік қорын толықтыру: майдалау, себу, диқаншы, комбайн, элеватор, диірмен. (Коммуникативтік дағдыларын дамыту) «Табиғат құбылыстарын ажыратып, олардың қасиеттерін ата» Мақсаты: Пішініне қарап,</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Д/ойын: «Бір сөзбен ата» Мақсаты: Балаларға жалпылама зат атауларын айта білуге үйрету. (Коммуникативтік дағдыларын дамыту) «Бұл қай кезде киінеді?» Мақсаты: әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндату арқылы сөздік қорларын молайтып, ауыз екі сөйлеуге баулу. (Әлеуметтік дағдыларын дамыту) «Мекеніне апар» ойыны Мақсаты: Үй жануарларын дала жануарларынан ажырата білуге үйрету. Үй жануарлары мен дала жануарларының қайда тіршілік ететінін білуге үйрету.</p>	

	<p>айырмашылықтарын түсіндіру. Шапшаңдыққа, жылдамдыққа үйретеді. (Коммуникативтік дағдыларын дамыту)</p> <p>«Бдыстардың шыны аяқтарын табуға көмектес»</p> <p>Мақсаты: Алты түсті меңгертуді үйретуге жаттықтыру. (шығармашылық дағдыны дамыту)</p>	<p><i>есте сақтау қабілеттерін арттыру. Қол моторикасын, логикалық ойлау қабілетін дамыту</i> (Танымдық дағдыларын дамыту)</p> <p>Ұлттық аспап Мақсаты: Аспаптар туралы түсініктерін қалыптастыру. (шығармашылық дағдыны дамыту)</p>	<p>қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту /қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады. (Танымдық дағдыларын дамыту)</p> <p>Түрлі- түсті қарындаш Мақсаты: Балалардың түстерді ажырата білуге үйрету. Дүние танымын кеңейту (шығармашылық дағдыны дамыту)</p>	<p>Балалардың ойлау қабілетін дамыту. (Коммуникативтік) «Кімге қандай көлік керек?» Мақсаты: Балалардың тіл байлығын дамыту. Мамандыққа лайықты заттарды және оның аттарын білуді үйрету. (Танымдық дағдыларын дамыту) Аспапты иесімен тап Мақсаты: Есту қабілетін дамытып, аспаптарды ажыратуға үйрету (шығармашылық дағдыны дамыту)</p>	
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	<p>№5 кешен Бақылау: Күнді бақылау. Мақсаты: Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле (жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу. Қимылдық ойын: «Таяқшадан аттап өт», «Қуаласпақ» Мақсаты: Жылдамдыққа, ептілікке баулу.</p>	<p>№6 кешен Бақылау: Тұманды бақылау. Мақсаты: Күздегі тұманды бақылау, тұманның қайдан пайда болатынын түсіндіру. Еңбек: Ағаштардың түптерін қопсыту. Мақсаты: Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға, оларды күтіп – баптауға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Мақал-мәтел.</p>	<p>№7 кешен Бақылау: Шықты бақылау. Мақсаты: Күз ерекшеліктерін көрсете түсіндіру, шықтың пайда болу жолы. Еңбек: Ағаш бұтақтарын жинау. Мақсаты: Балалардың бірлесіп жұмыс жасауға баулу, бастаған істерін аяғына дейін тыңғылықты жасауға үйрету. Жеке жұмыс: «Менің Отаным» өлеңін жаттату. Мақсаты: Отанын сүюге, құрметтеуге</p>	<p>№8 кешен Бақылау: Өткінші жаңбырды бақылау. Мақсаты: Өткінші жаңбыр туралы түсінік беру. Жаңбырдың пайдасы, жаңбыр жауғанына қарап егістікті, бау бақшаны, саяжайдағы көкөніс, жеміс –жидек бәрін қолдан жауындатып суарудың пайдасын ашып түсіндіру.</p>	

	<p>Еңбек: Гүл шоғы.</p> <p>Мақсаты: Алаңдағы жапырақтарды жинап , олардан әдемі гүл шоғын жасау.</p> <p>Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуұлы . «Бағдаршам»</p> <p>Мақсаты: Бағдаршаммен таныстыру.Жолда жүру ережелерін түсіндіру.</p> <p>Қимылдық ойын: «Үрпек төбет»</p> <p>Мақсаты: Тез жүгіре білуге үйрету, жылдамдыққа , батылдыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Таза болса- табиғат, Аман болар –адамзат.</p> <p>Мақсаты: Мақал жаттату арқылы баланың сөздік қорын жетілдіріп, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың табиғат , денсаулық туралы түсініктерін тереңдету.</p> <p>Ойын: «Біз кішкене отбасы»</p> <p>Мақсаты: Үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.Отбасы мүшелерін дұрыс атауға үйрету.</p>	<p>тәрбиелеу.Патриоттық сезімдерін арттыру.</p> <p>Ойын: «Қояндар секіреді».</p> <p>Мақсаты: Қос аяқпен секіруге үйрету.Ептілікке, шапшаңдыққа баулу.</p>	<p>Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту.</p> <p>Мақсаты: Ағаш түптерін қопсыту арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру.</p> <p>Жеке жұмыс: «Еңбекпен ел көгерер, Жаңбырмен жер көгерер».</p> <p>Мақсаты: Мақал үйрету арқылы балаларға өсімдіктерге тыңайтқыш заттар топырақ арқылы баратындығын түсіндіру.</p> <p>Қимылдық ойын: «Допты қуып жет».</p> <p>Балаларды тез жүгіруге үйрету, шапшаңдыққа , ептілікке тәрбиелеу.</p>	
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешіп, жинастыруы, қолдарын жуу, тазалыққа баулу.				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Әсем әуен қосу (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Ұйқы ашар жаттығу №5 картатека	Ұйқы ашар жаттығу №6 картатека	Ұйқы ашар жаттығу №7 картатека	Ұйқы ашар жаттығу №8 картатека	
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары,бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау жән тағы	<p>Дербес ойын «Қуыршақты тамақтандыр»</p> <p>Мақсаты: Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру.</p>	<p>Танымдық-қимылды ойын: «Аңдар жүрісі»</p> <p>Мақсаты: Балалар аңдардың жүрісін салып, санай алады.</p> <p>Қоршаған ортамен</p>	<p>Суреттік боямалар «Кім, қайда өмір сүреді»</p> <p>Мақсаты: Балалар суретті таза бояп, туған жеріндегі жан-жануарлардың мекендерімен таныса алады.</p> <p>Сурет салу</p>	<p>«Қолғап»</p> <p>Мақсаты:Қазақ халқының ұлттық киімдері мен заттары туралы білімдерін кеңейту. Ою-өрнекті қолдана отырып қолғапты сәндеуге</p>	

басқа әрекеттер)	Мүсіндеу Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	таныстыру Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	үйрету. Эстетикалық талғамдарын дамыту, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу. Сурет салу Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	
Балалармен жеке жұмыс (Баланың жеке даму картасы)	Жеке баламен жұмыс: Қимылды ойын: «Мерген кім?» Мақсаты: - заттарды лақтыруға жаттықтыру; Жеке жұмыс: «Ағаш суретін сал» Мақсаты: қарбетіне әртүрлі ағаш суретін сала білулерін бекіту.	Жеке баламен жұмыс: Зейнурге түстерді ажырата білуге үйрету. Сөйлеуді дамыту	Жеке баламен жұмыс: Інжудің құрастыруға деген қызығушылығын арттыру. Құрастыру	Қимылды ойын: «Бәйге» Мақсаты: Жүгіру, жылдамдығын, ептілігін, қызығушылығын дамыту.	Жеке баламен жұмыс: Қимылды ойын: «Мерген кім?» Мақсаты: - заттарды лақтыруға жаттықтыру; Жеке жұмыс: «Ағаш суретін сал» Мақсаты: қарбетіне әртүрлі ағаш суретін сала білулерін бекіту.
Серуенге дайындық	Балалардың өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға баулу.				
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу. Балалармен жеке әңгімелесу: «Анаң мен әкеңнің есімдерін ата», « Кімнің үйінде мысық бар?» және т.б.				
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешіп, жинастыруы, қолдарын жуу, тазалыққа баулу.				
Кешкі ас	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі.				
Балалардың үйге қайтуы	Ата-анаға кеңес: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	Психологтың кеңесі: Үйде баланың үй тапсырмасын қадағалау.	Балалармен өз отбасы туралы әңгімелесу. Нұрияның ата-анасымен сөйлесу, жетістіктері мен тәртібі туралы айту.	Ата-анаға кеңес: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.	

Тексерген әдіскер: Байгазина А.М.



